



**ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН МЕМЛЕКЕТТІК
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**



«БЕКІТЕМІН»

Академиялық мәселелер
жөніндегі проректор

А.А.Кудышева

2022 ж.

2021-2022 оқу жылында қабылданған

8D01503 – Информатика педагогін даярлау білім беру бағдарламасының

КӘСІПТІК ПРАКТИКА


БАҒДАРЛАМАСЫ

Шымкент 2022 ж.

май 2022

Кәсіптік практика бағдарламасы 8D01503 – Информатика педагогін даярлау білім беру бағдарламасы (Ғылыми кеңес №10 хаттамасы, 30 06 2021ж.) негізінде дайындалды.

Құрастырған:



Л.А. Сулейменова
Г.К. Нурмуханбетова

Бағдарлама Информатика кафедрасының мәжілісінде талқыланды.

№ 1 хаттама, « 27 » 08 2022ж.

Кафедра меңгерушісі



Л.А. Сулейменова

(КОЛЫ)


(АТЫ-ЖӨНІ)

Факультет кеңесінде қаралып, бекітуге ұсынылды.

№ 1 хаттама, « 31 » 08 2022ж.

Факультеттің оқу-әдістемелік жұмыстарына

жауапты




М. Егембергенова

(КОЛЫ)

(АТЫ-ЖӨНІ)

КЕЛІСІЛГЕН

Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру институтының директоры



А.Н. Жылысбаева



Информатика кафедрасының меңгерушісі



Л.А. Сулейменова

Практика жетекшісі



Г.К. Нурмуханбетова

КӘСІПТІК ПРАКТИКА БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ МАЗМҰНЫ

1	Кіріспе.....	3
1.1	Оқу үрдісінде кәсіптік практиканың орнын анықтау.....	4
1.2	Кәсіптік практиканың мақсаты мен міндеттері, оқу нәтижесі.....	4
1.2.1	Педагогикалық практика (бейіндік бағыттағы докторантура БББ үшін өндірістік практика).....	4
1.2.2	Зерттеу практика.....	5
1.3	Білім алушының практика өту нәтижесінде қалыптасатын құзыреттіліктері (білу, істей алу, меңгеру).....	6
2	Кәсіптік практиканы ұйымдастыру, басқару және өту тәртібі...	8
2.1	Кәсіптік практиканы ұйымдастыру.....	8
2.2	Практика базалары.....	8
2.3	Практика жетекшісінің міндеттері/құқықтары (кафедра атынан, кәсіпорын атынан).....	8
2.4	Кәсіптік практиканы өту мерзімінде білім алушының міндеттері/құқықтары.....	8
3	Кәсіптік практиканың мазмұны.....	10
3.1	Практиканы тақырыптық жоспарлау.....	10
3.1.1	Педагогикалық практика.....	10
3.1.2	Зерттеу практика.....	10
4	Кәсіптік практиканың қорытындысы бойынша тапсырылатын құжаттар.....	11
5	Қолданылған әдебиеттер тізімі.....	11

1 Кіріспе

Практика бағдарламасы Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі №2 бұйрығы Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына сәйкес әзірленген.

Докторанттардың кәсіби практикасы жоғары білімі бар кадрларды даярлау бағытындағы негізгі білім беру бағдарламасының ажырамас бөлігі болып табылады. Кәсіби практика «8D01503-Информатика педагогін даярлау» білім беру бағдарламасы бағыты бойынша кәсіптік оқытудың маңызды құрамдастарының бірі болып табылады.

Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша білім алушыларға арналған практика ғылыми, оқу және кәсіби қызметтің іс-тәжірибелік дағдыларын дамыту мақсатында жүзеге асырылады.

Бұл теориядан алған білім мен дағдыларды күнделікті кәсіби қызметке көшірудің тиімді механизмі. Оқыту жүйесінде негізгі элемент бола отырып, кәсіби тәжірибе докторанттарға кәсіби таңдаудың дұрыстығын тереңдетуге, оқу үрдісінде алынған теориялық білімдерді меңгеруге, болашақ мамандықтың кәсіби маңызды қасиеттерін анықтауға көмектеседі. Ұйымның бірегей мүмкіндіктерін пайдалана отырып, оқу үдерісінде докторанттардың білімін және дағдыларын нақты салалардың жағдайына бейімдеуге болады.

Докторант практикадан өту барысында:

- өзіндік жұмысты ұйымдастыру қағидасы мен ғылыми-зерттеу қызметін ұйымдастыру тәсілдерін;
- тәжірибелі әріптестерден кеңесе отырып, білім беру бағдарламалары бойынша оқытушылық қызметін жүзеге асыруды;
- оқу-тәрбиелік мақсаттарды, сабақ түрлерін анықтай білу, білім алушылардың оқу қызметін әр түрлі ұйымдастыру түрлерін пайдалануды;
- оқу қызметінің тиімділігін бағалау, бақылау түрін таңдау және диагностикалауды қолдана біледі.

Ғылыми-әдістемелік және оқу-әдістемелік жұмыстарының негіздерін: ғылыми білімнің оқу материалын психологиялық тұрғыдан сауатты түрлендіру және құрылымдауы, оқу және тәрбие міндеттерін жүйелеу дағдыларын; әр түрлі тақырыптар бойынша есептер, жаттығулар, тест тапсырмаларын құрастыру, пәндік материалды ауызша және жазбаша баяндау әдістері мен тәсілдерін, түрлі білім беру технологияларын меңгереді.

Кәсіби практика докторанттардың оқу үрдісінде алған теориялық және практикалық білімдерін кеңейтуге және нығайтуға, таңдаған білім беру бағдарламасында практикалық дағдыларды игеруге және жетілдіруге және болашақ кәсіби қызметке дайындалуға бағытталған. Бұл докторанттың оқып-үйренуінің белсенді жеке түрі, оның барысында жеке жоспарлар мен тапсырмаларға негізделі отырып, өз бетінше жұмыс істеу дағдылары жасалады.

1.1 Оқу үрдісінде кәсіптік практиканың орнын анықтау

Педагогикалық практика 05.09.2022-11.11.2022жж., зерттеу практика 09.01.2023-19.03.2023 жж. аралығында академиялық күнтізбеге, жұмыс оқу жоспарына және білім беру бағдарламасына сәйкес докторанттардың кәсіби тәжірибелерін өткізу кестесінде белгіленген.

№	Практика түрі	Кредит саны	курс	семестр	Кредит бойынша практика ұзақтығы (апта)
1	Педагогикалық практика	10	1	2	10
2	Зерттеу практикасы	10	2	3	10

1.2 Кәсіптік практиканың мақсаты мен міндеттері, оқу нәтижесі

1.2.1 Педагогикалық практика (бейіндік бағыттағы магистратура БББ үшін өндірістік практика)

Докторант кәсіптік даярлау жүйесінде педагогикалық практика маңызды рөл атқарады. Бұл университеттегі оқу процессінің ажырамас бөлігі және докторанттарды кәсіби оқытушылық қызметке бейімдеудің бастапқы тәжірибесі болып табылады. Педагогикалық практика оқыту мен оқу әдістемесінің практикалық дағдыларын қалыптастыру мақсатында өткізіледі. Бұл жағдайда докторанттар бакалавриатта сабақ жүргізуге тартылады.

Практиканың мақсаты:

1. Педагогикалық практика докторанттардың ғылыми-теориялық және тәжірибелік дайындығын нығайтып, оларды педагогикалық қызметтің бастапқы тәжірибесіне және ғылыми, психологиялық және педагогикалық зерттеулердің белгілі бір дағдыларына үйрету.

2. Докторанттарды дайындау бағытындағы ұйымдастыру және басқару процестерінің мазмұнымен таныстыру.

Педагогикалық практиканың міндеттері:

- ЖОО-да білім беру процесінің қазіргі жағдайымен, озық педагогикалық тәжірибемен таныстыру;
- студенттерді оқыту мен тәрбиелеудің нақты мәселелерін шешуде психологиялық-педагогикалық және арнайы білімдерді қолдану барысында оларды біріктіру, тереңдету және байыту;
- докторанттарға кәсіби маңызды жеке қасиеттерді, кәсіби дағдыларды, сондай-ақ педагогикалық қажеттілігін дамыту, қалыптастыру;
- педагогикалық әрекетте шығармашылық қабілеті мен зерттеу тәсілдерін меңгеруді қалыптастыру.

Педагогикалық практикада докторант келесі *оқу нәтижелеріне* қол жеткізеді:

- Информатика және оқыту саласындағы іргелі ізденістердің бағыттарын айқындап, ғылыми зерттеу әдістеріне талдау жасауды, оны практикада іске асыруды меңгереді;

- ғылыми зерттеу жұмыстарын жүргізуге сыни тұрғыдан қарау және жүйелі ойлау негізінде білімін практикада қолданады;

- педагогикалық қызмет ауқымын кеңейтуге қатысты өз зерттеулерін дәйектейді;

- кәсіби практикалық жұмыстарын жүргізуде, пәнаралық білімдерді интеграциялай алады.

1.2.2 Зерттеу практика

Докторанттардың зерттеу тәжірибесі отандық және шетелдік ғылымның тың теориялық, әдіснамалық және технологиялық жетістіктерін зерттеу, сондай-ақ тәжірибелік дағдыларды бекіту, ғылыми зерттеулердің заманауи әдістерін қолдану, диссертациялық зерттеуде сараптамалық деректерді өңдеу және түсіндіру мақсатында жүргізіледі.

Зерттеу практикасының мазмұны диссертациялық (жобалық) зерттеу тақырыбымен анықталады.

Зерттеу практикасынан өту кезінде докторант:

- отандық және шетелдік ғылымның тың теориялық жетістіктері бойынша;

- отандық және шетелдік ғылымның жаңа әдіснамалық жетістіктері бойынша;

- отандық және шетелдік ғылымның технологиялық (инновациялық) жетістіктері бойынша;

- ғылыми зерттеулердің заманауи әдістерін қолдану, компьютерлік технологияларды қолдана отырып, сараптау деректерін өңдеу және түсіндіру бойынша өз тұжырымы мен қорытындысы бар 4-5 реферат, мақалаларды (әр көлемі 50 беттен кем емес) өз бетінше даярлауы тиіс.

Мақсаты: Докторлық диссертацияны жазу үшін қажетті қолданбалы аналитикалық дағдыларды жинақтауға негізделеді.

Міндеті: Докторлық диссертацияға қатысты зерттеу нәтижелерін жоғары дәрежелі ғылыми журналдар мен конференциялардың материалдар жинағына даярлау, осы саланың зерттеушілерімен тығыз байланыста бола отырып, олардың соңғы ғылыми жаңалықтарынан хабардар болу.

Оқу нәтижесі: Зерттеу практика қорытындысы бойынша аттестаттау белгіленген талаптарға сәйкес ресімделген жазбаша есеп, күнделік және практика жетекшісінің практикадан өту туралы пікірі негізінде жүргізіледі. Практиканың бастапқы кезеңде ғылыми жетекшісі өз пікірінде зерттеу қызметінің дағдылар қалыптасуын, орындалатын жұмысына, практикасына жауапкершілігін бағалайды (жауапкершілігін дәрежесі, дербестігін, шығармашылығын, қызығушылығын және т. б.).

1.3 Білім алушының практика өту нәтижесінде қалыптасатын құзыреттіліктері (білу, істей алу, меңгеру)

Құзыреттіліктеріне қойылатын талаптар (педагогикалық практика):

1) докторанттың:

- психологиялық-педагогикалық зерттеулердің негізгі әдістері туралы;
- психологиялық-педагогикалық зерттеулерді жобалау және жүргізудің теориялық негіздері туралы түсінігі болуы тиіс.

2) докторант:

- білім беру бағдарламалары бойынша оқытушылық қызмет негіздерін және, неғұрлым тәжірибелі әріптестерден кеңес ала отырып, қолдану;
- өзіндік жұмысты ұйымдастыру қағидасы мен ғылыми-зерттеу қызметін ұйымдастыру тәсілдерін білуі тиіс.

3) докторант:

- нақты кәсіби жағдайларда тұлғалық таңдауды жүзеге асыруды;
- тәжірибелі әріптестерден кеңесе отырып, білім беру бағдарламалары бойынша оқытушылық қызметін жүзеге асыруды;
- оқу-тәрбиелік мақсаттарды, сабақ түрлерін анықтай білу, білім алушылардың оқу қызметін әр түрлі ұйымдастыру түрлерін пайдалану; оқу қызметінің тиімділігін бағалау, бақылау түрін таңдау және диагностикалауды қолдана білуі тиіс.

4) докторант:

- ғылыми-зерттеу қызмет нәтижелерін бағалау және ұйымдастыру әдістері мен технологияларын;
- білім беру бағдарламаларының іске асыру дағдыларын;
- ғылыми-әдістемелік және оқу-әдістемелік жұмыстарының негіздерін: ғылыми білімнің оқу материалын психологиялық тұрғыдан сауатты түрлендіру және құрылымдауы, оқу және тәрбие міндеттерін жүйелеу дағдыларын;
- әр түрлі тақырыптар бойынша есептер, жаттығулар, тест тапсырмаларын құрастыру, пәндік материалды ауызша және жазбаша баяндау әдістері мен тәсілдерін, түрлі білім беру технологияларын меңгеруі тиіс.

Кәсіптік практика тәжірибелік сабақтар нәтижесінде қалыптасқан құзыреттілік түрлерін қамтиды:

№	Кадрларды даярлау бағытының шифры атауы	Практика түрі	Компетенция	Кәсіптік қызмет саласы
1	8D01503 – Информатика педагогін даярлау	Педагогикалық практика	Оқу-танымдық, кәсіби-педагогикалық, зерттеушілік, коммуникативтік, жеке тұлғалық	«8D01503- Информатика педагогін даярлау» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) өзінің кәсіби қызметін білім беру

				және ғылыми-зерттеу салаларында атқарады.
2	8D01503-Информатика педагогін даярлау	Зерттеу практикасы	<p>Докторанттың информатиканы оқыту саласы бойынша таңдалған диссертация тақырыбы бойынша тиісті зерттеу жұмыстарын жүргізуге бағытталған. Ғылым мен практиканың қазіргі теориялық, әдістемелік және технологиялық жетістіктеріне негізделі отырып, ғылыми зерттеулердің қазіргі әдістерін қолдану арқылы ғылыми-зерттеу жұмысын жүргізу; ДҒЗЖ шеңберінде докторанттың инновациялық технологиялармен және өндірістің жаңа түрлерімен танысу үшін ғылыми ұйымдарда және/немесе тиісті қызмет салалары бойынша ұйымдарда ғылыми тағлымдымадан өтуі қарастырылады. Докторанттың ғылыми зерттеу жұмысының ең соңғы қорытындысы докторлық</p>	«8D01503-Информатика педагогін даярлау» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) өзінің кәсіби қызметін білім беру және ғылыми-зерттеу салаларында атқарады.

			диссертация болып табылады.	
--	--	--	--------------------------------	--

2 Кәсіптік практиканы ұйымдастыру

Докторанттардың кәсіптік практикасы оқу процесінің оқу жоспары мен кестесіне сәйкес жүзеге асырылады.

Педагогикалық практиканың базасы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетінің Информатика кафедрасы.

Практика жетекшісінің міндеттері/құқықтары

Докторанттардың ғылыми-педагогикалық практикасын жетекшілікті жоғары білім беруде педагогикалық тәжірибесі мол бітіруші кафедраның оқытушылары жүзеге асырады.

Кафедрадан белгіленген докторанттардың педагогикалық практикасының жетекшісі:

- практика бойынша орнықтыру және қорытынды конференцияны ұйымдастыруды және өткізуді;
- педагогикалық практиканы жоспарын жасауды;
- практика туралы есепті құрастыруды;
- негізгі қызмет түрлерін дамыту, тапсырмаларды жүзеге асыруға докторанттарға көмек көрсетуді;
- докторанттардың құжаттарын жинау, практиканың нәтижелері туралы есеп жасауды;
- педагогикалық практиканың қорытындысын ұйымдастыруды жүзеге асыруға міндетті.

Кәсіптік практиканы өту мерзімінде білім алушының міндеттері/құқықтары:

- практика барысында туындайтын барлық мәселелер бойынша докторантура бағдарламасының меңгерушісі, тәжірибе жетекшісі, бітіруші кафедраның меңгерушісі, университет әкімшілігімен байланысу;
- практикадан өту барысында оқытушылармен негізгі іс-шаралар тақырыптары мен мазмұнын даярлау, сондай-ақ алынған нәтижелерді талқылау;
- мазмұнды жетілдіру және практиканы ұйымдастыру бойынша ұсыныстар енгізу;
- университетте өткізілетін конференциялар мен тәжірибелік кездесулерге қатысу;
- кітапхананы, электрондық, виртуальды қорларды арнайы аудиторияларды және оларда орналасқан оқу-әдістемелік құралдарды пайдалану.

Докторант-практикант практика бағдарламасында көзделген барлық жұмыс түрлерін уақытылы аяқтауы керек. Соның ішінде:

- практикалық бағдарламада қарастырылған барлық жұмыстарды дұрыс және сапалы орындау;

- университеттің ішкі регламентінің ережелеріне, практика жетекшілерінің бұйрығына, оқытушы-әдіскерлерге бағыну;
- әр сабаққа және сабақтан тыс іс-шараларға мұқият дайындалу;
- Ғылыми кеңестің, кафедра отырысының, секциялардың, әдістемелік кездесулердің, бакалавриат студенттерінің мәжілістеріне қатысу;
- қажетті құжаттарды даярлау.

Тәртіпті, оқу орнының ережелерін, мекеме басшыларының және практика талаптарын бұзған жағдайда, докторант практикадан шығарылуы мүмкін.

Практикадан шеттетілген немесе практикасы қанағаттанарлықсыз деп есептелген докторант факультет Кеңесінің шешімі бойынша оқу сабақтарынан босатылмай, қайта практикадан өтеді.

Зерттеу практиканың базасы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетінің Информатика кафедрасы.

Зерттеу практикасындағы докторант-практиканттың құқықтары:

- практика барысында туындайтын барлық мәселелер бойынша доктоантура бағдарламасының меңгерушісі, тәжірибе жетекшісі, бітіруші кафедраның меңгерушісі, университет әкімшілігімен байланысу;

- практикадан өту барысында оқытушылармен негізгі іс-шаралар тақырыптары мен мазмұнын даярлау, сондай-ақ алынған нәтижелерді талқылау;

- мазмұнды жетілдіру және практиканы ұйымдастыру бойынша ұсыныстар енгізу;

- университетте өткізілетін конференциялар мен тәжірибелік кездесулерге қатысу;

- кітапхананы, электрондық, виртуальды қорларды арнайы аудиторияларды және оларда орналасқан оқу-әдістемелік құралдарды пайдалану.

Докторант-практикант практика бағдарламасында көзделген барлық жұмыс түрлерін уақытылы аяқтауы керек. Соның ішінде:

- практикалық бағдарламада қарастырылған барлық жұмыстарды дұрыс және сапалы орындау;

- университеттің ішкі регламентінің ережелеріне, практика жетекшілерінің бұйрығына, оқытушы-әдіскерлерге бағыну;

- Ғылыми кеңестің, кафедра отырысының, секциялардың, әдістемелік кездесулердің, бакалавриат студенттерінің мәжілістеріне қатысу;

- қажетті құжаттарды даярлау.

Тәртіпті, оқу орнының ережелерін, мекеме басшыларының және практика талаптарын бұзған жағдайда, докторант практикадан шығарылуы мүмкін.

Практикадан шеттетілген немесе практикасы қанағаттанарлықсыз деп есептелген докторант факультет шешімі бойынша оқу сабақтарынан босатылмай, қайта практикадан өтеді.

Докторанттың зерттеу практикасында кафедралық жетекшілердің міндеттері.

Докторанттардың ғылыми-зерттеу практикасын жетекшілікті жоғары білім беруде педагогикалық тәжірибесі мол бітіруші кафедраның оқытушылары жүзеге асырады.

Кафедрадан белгіленген докторанттардың зерттеу практикасының жетекшісі:

- практика бойынша орнықтыру және қорытынды конференцияны ұйымдастыру және өткізу;

- зерттеу практиканы жоспарын жасау;

- практика туралы есепті құрастыру;

- негізгі қызмет түрлерін дамыту, тапсырмаларды жүзеге асыруға докторанттарға көмек көрсету;

- докторанттардың құжаттарын жинау, практиканың нәтижелері туралы есеп жасау;

- зерттеу практиканың қорытындысын ұйымдастыру.

Әрбір докторант практика бағдарламасында қарастырылған жұмыстың түрлерін жүзеге асыруға, қорытынды есеп дайындау үшін құжаттарды (практика күнделігін, құжаттарды талдауды т.б.) жүргізуді жүзеге асыруға міндетті.

3 Кәсіптік практиканың мазмұны

Докторантурадағы педагогикалық практика бакалавриаттағы педагогикалық практиканың, зерттеу практика магистратурадағы зерттеу практиканың логикалық жалғасы болып табылады. Практика жоғары оқу орнының оқытушысының болашақ кәсіби қызметіне барынша жақын жағдайларда жүргізіледі.

Докторанттар университет оқытушысының кәсіби қызметінің нақты мәселелерімен, оның мазмұны мен жұмыс көлемімен танысады, барлық негізгі іс-шараларға қатысады:

- студенттермен жүргізілген оқу-әдістемелік жұмыстар;

- кафедра немесе оқытушылар секциясындағы әдістемелік жұмыстар;

- ғылыми зерттеу жұмыстары;

- қоғамдық және басқа да жұмыстарға қатысу.

Практика барысында докторант төмендегі жұмыстарды орындайды:

1. Докторанттардың практика жетекшісінің жеке кеңес беруі.

2. Оқу орнына бару және практиканы жоспарлау (практика жоспары).

3. Практиканың негізгі мақсатын іске асыру үшін теориялық және тәжіриберік материалды іріктеу (оқу жоспарымен танысу және жұмыс көлемін анықтау).

4. Құжаттармен жұмыс жасау, аналитикалық ақпараттарды дайындау және құжаттарды талдау үшін материалдар дайындау (нормативтік базаны зерделеу нәтижелері бойынша аналитикалық материалдар).

5. Практика жетекшісімен қателіктер мен кемшіліктерді талқылау.

6. Оқытушымен практика нәтижелерін талқылау және практика есептерін дайындау.

4 Кәсіптік практиканың қорытындысы бойынша тапсырылатын құжаттар

Педагогикалық практикадан соң білім алушылардан мынадай құжаттар талап етіледі және бағалау критерийлері:

№	Талап етілетін құжаттар	Бағалау
1.	Кәсіптік практиканың жұмыс жоспары	15
2.	Практика күнделігі (талапқа сай толтыру міндетті)	20
3.	Дәрісті талдау	20
4.	Зертханалық сабақты талдау	15
5.	Педагогикалық практика есебі	15
6.	Практика есебін қорғау хаттамасы	15
Барлығы		100 балл

Зерттеу практикасынан соң білім алушылардан мынадай құжаттар талап етіледі және бағалау критерийлері:

№	Талап етілетін құжаттар	Бағалау
1.	Зерттеу практиканың жұмыс жоспары	30 балл
2.	Практика күнделігі (талапқа сай толтыру міндетті)	30 балл
3.	Практика кезінде атқарылған жұмыстардың есебі	20 балл
4.	Практика есебін қорғау хаттамасы	20 балл
Барлығы:		100 балл

5. Пайдаланылатын әдебиеттер:

5.1. Негізгі әдебиеттер:

- 1 Педагогика. 2015. Әлқожаева. Н.С.
- 2 Педагогика. 2016. Дүйсенбаев. А.Қ.
- 3 Педагогика. 2014. Усманов.Ә.Ә. Сәрсенбаева.М.Б.
- 4 Дидактика. 2013. Әмірова.Ә.С.
- 5 Педагогиканың философиясы және әдіснамасы. 2016. Таубаева.Ш.Т.
- 6 Педагогика. 2014. Каракулов. К.Н.
- 7 Педагогика. 2015. Дүйсенбаев. А.Қ.
- 8 Педагогиканың ғылыми-зерттеу әдістері. 2015. Асанов.Ж.,
Әбдіхалық.Н
- 9 Педагогикалық ғылыми зерттеу теориясы мен әдістемесі. 2016.
Жиенбаева С.Н.
- 10 Педагогикалық зерттеудің әдіснамасы мен әдістері.2015.

- Жұмабекова.Ф.Н., Нұрғазиева.Н.М.
- 11 Педагогикалық зерттеулердің әдіснамасы мен әдістері. 2014. Жұмабекова Ф.Н., Нұрғазиева Н.М.
 - 12 Психология тарихы. 2016. Ахметова.А.Қ., Бектұрғанова.С.М.
 - 13 Педагогикалық психология. 2015. Өтепбергенова. З.Д.
 - 14 Жалпы психология.2015. Алдамұратов Ә., Рақымбеков Қ.Бапаева М., Нығыметова Г., Түрікпенов Ж.
 - 15 Психологиялық кеңес беру.2015. М.М.Байбекова, Ж.Н.Жантасова
 - 16 Жалпы психология. 2014. Алдамұратов.Ә.
 - 17 Психология және адам дамуы.2014. Асылханова.М.А.
 - 18 Психология және адам дамуы. 2017. Үсембаева.Р.Б., Пірімбетова.С.К.,Әкімбаева. А.Ә.
 - 19 Психологиялық ғылыми зерттеулерді ұйымдастыру. 2015. Болтаева.Ә.М.
 - 20 Маклаков А.Г. Общая психология. – М., 2008
 - 21 Рубинштейн С.Л. Основы общей психологии. - СПб.: Питер, 2005
 - 22 Гиппенрейтер Ю.Б. Введение в психологию.- М.: Изд-во МГУ, 1996
 - 23 ҚР «Білім туралы» заңы // Егемен Қазақстан, 27 шілде, 2007 ж.
 - 24 «Кәсіптік практиканы ұйымдастыру мен өткізу қағидаларын және практика базалары ретінде ұйымдарды айқындау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 29 қаңтардағы № 107 бұйрығы

5.2 Қосымша:

- 1 Педагогикалық мамандыққа кіріспе. 2014. Жұмабекова.Ф.Н.
- 2 Педагог мамандығына кіріспе. 2017. Бұлақбаева.М.К.
- 3 Педагогика тарихы. 2016. Меңдаяхова. Қ.Тайтелиева.Л.Р.
- 4 Кәсіби педагогика.2012. Дүйсембінова.Р.Қ.
- 5 Педагогикалық жүйетану негіздері.2015. Мұханбетжанова.Ә.
- 6 Арнайы педагогика 2016. Заркенова.Л.С., Омарова.Н.Н., Ильясова.Б.И.
- 7 Педагогика тарихы бойынша атлас. 2012. Коркина.В.И., Әбідина. С.К.
- 8 Арнайы педагогика және психология негіз.. 2016. Мадалиева.З.Б., Әрінова.Б.А.
- 9 Арнайы педагогика. 2016. Дүйсенбаев.А.Қ., Балтымова. М.Р
- 10 Педагогиканың қысқаша тарихы. 2013. Артемьев.А.И.
- 11 Жоғары мектеп педагогикасы.2014. Шалғынбаева.Қ.Қ., Албытова.Н.П., Сламбекова.Т.С.
- 12 Жоғары мектеп педагогикасы.2016. Бұлақбаева.М.К.
- 13 Қазіргі замандағы педагогикалық технологиялар.2014. Бөрібекова.Ф.Б., Жанатбекова.Н.Ж.
- 14 Педагогикалық практикада студенттердің кәсіби бағыттылығын қалыптастыру.2016. Балабаева.А.И.
- 15 Педагогикалық ғылыми зерттеу теориясы мен әдістемесі. 2016. Жиенбаева.С.Н.
- 16 Пәнаралық байланыс негізінде студенттердің эстетикалық талғамын

- дамытудың педагогикалық шарттары.2016. Дарменова.Р.А.
- 17 XX ғасырдың бас кезіндегі қазақ зиялылардың педагогикалық ой - пікірлері.2016.Байменова.Б.С
 - 18 Педагогикалық сөздік. 2016. Ыбыраимжанов.Қ.Т., Қоянбаева.Г.Р
 - 19 Psychology of interpersonal communication: educational manual. 2015.Kustubayeva A., Tolegenova A., Kamzanova A., Jakupov M.
 - 20 Жалпы және тұлғалық психология. 2013. Бабаев.С.Б.
 - 21 Психология личности. 2012. Шадрин.Н.
 - 22 Тұлға психологиясы.2016. Бердібаева.С.Қ
 - 23 Білім берудегі практикалық психология.2013. Балғымбаева.З.М., Ахтаева Н.С.
 - 24 Тұлға психологиясы.2014. Әбеуова.И.Ә.
 - 25 Саяси психология.2016. Имакова.Ғ.О.
 - 26 Жоғары мектеп психологиясы. 2014. Айкинбаева.Г.К.
 - 27 Қазіргі психология тарихының дамуы, жағдайы, беталысы. 2012. Ақжанова.А.Т
 - 28 Даму психологиясы. 2012. Сатиева.Ш.
 - 29 Психология (мектепке дейінгі кезең). 2015. Жұмабекова Ф.Н., Нұрғазиева Н.М., Жамалиева С.
 - 30 Психология (методические рекомендации). 2015. Боровик Т.
 - 31 Психология. 2017. Жұмасова К., Есенова Л.
 - 32 Психология детей от трех лет до школы в вопросах и ответах.2015. Волков Б.С., Волкова Н.
 - 33 Психология общения. Практикум по психологии. 2016. Ефимова Н.С.
 - 34 Псих-я педагогического общения. 2016. Волков Б.С., Волкова Н.В., Орлова Е.А.

6. Кәсіптік практика бағдарламасына 2022/2023 оқу жылында енгізілген қосымшалар мен өзгертулер:

1. _____
2. _____
3. _____

және т.б.

Кәсіптік практика бағдарламасы қайта қаралып, енгізілген өзгертулер информатика кафедрасының мәжілісінде қаралды

« 27 » 08 2022 ж. Хаттама № 1

Кафедра меңгерушісі _____ Сулейменова Л.А.

Енгізілген өзгертулермен келісілді:

Факультеттің оқу-әдістемелік

жұмыстарына жауапты _____ М. Егембергенова